

БӨЛІМ: КОЛЛЕДЖ

Құмар ойындардан құтыла алмай отырмызЖАРИЯЛАНДЫ
29.05.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/14773/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Нұрқабыл Гүлден Жеткергенқызы

Бал тәрбиесі, оның қоғамдағы рөлі мен оның бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру, оның қоғамға жат қылықтармен айналыспауы үшін қазіргі күні мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері тарапынан елеулі жұмыстар атқарылып жатыр. Дегенмен, бала тәрбиесінде әлі де шексіз проблемалар асып жатыр. Оларды дер кезінде шешпесек, оның арты сан соқтырар нәтижелерге алып келетінін бүгінде тәжірибе көрсетіп отыр.

БАҚ-тағы жаңалықтардан қылмыс жасағандар, біреуді өлтіргендер, тонағандар, ұрлық жасағандар арасында өзіміздің қаракөз балаларымыздың көптеп саналатынын жиі естиміз. Бұл мәселемен отбасы отбасы деңгейінде айналысу, оны шешуге тырысып бағудың күткендей нәтиже бермей жатқанын да уақыт көрсетіп отыр. Оған қоғам болып, билік басындағылармен жұмыла атбасын бұрмасақ, оның кең белең алып кететіні сөзсіз.

Осы айтылған мәселелердің ішінде қазіргі күні кең белең алып отырғаны, балалардың құмар ойындары бойынша интернет клубтары, заңсыз лотереялар мен спорттық покер ұйымдастырушы мекемелерді айналшықтап кетуінде.

Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары ойын бизнесін мемлекеттік реттеу бойынша заңнама жетілдіріліп, елді мекендерде ойын бизнесін ұйымдастырушылардың жауапкершілігі күшейтілді. Дегенмен, қағаз жүзінде солай болғанымен, жеме-жемге келгенде жағдай басқаша болып отыр. Оны біз, колледж оқытушылары байқап жүрміз.

Біздің колледжде таяу жерде «Агрогородок» шағын ауданындағы «Қыпшақ» дүкенінің жанында, сол жердегі №124 үйдің жертөлесінде, сонымен қатар Есенберлин көшесінде орналасқан «Экспресс» аялдамасының қасында компьютерлік ойындар

ойнайтын жерлер бар. Қазіргі кезде ақшаға компьютер ойындарын ұйымдастыруға тыйым салғанмен, осы келеңсіздіктің бұл жерде кеңінен белең алып отырғанын ол жерге бас сұққан адам бірден байқайды. Кей кездері олардың арасында колледжден кейін сонда баратын студенттердің табылып қалатыны өкінішті.

Осы мәселе Мәжіліс депутаты Мұрат Әбеновті де толғандырған сыңайды. Ол бір жұмыс кезінде Парламент отырысында құмар ойындары бойынша интернет-клубтары, заңсыз лотереялар мен спорттық покер ұйымдастырушы мекемелерді тексеру жөніндегі Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен Туризм және спорт министріне жолданған депутаттық сауалын жолдаған болатын. Онда депутат: «Менің атыма Қызылорда қаласының тұрғындарынан арыз-шағым, жанайқай хаты түсті. Бұл хатта Қызылорда қаласының ата-аналары балаларының тағдыры үшін алаңдауда. Олардың мәліметінше, кейбір айлакер-кәсіпкерлер «интернет-клубтардың» атын бүркеніп, елді мекендерде балалардың арасында нақты ақшаға интернет арқылы «online» құмар ойындарын ұйымдастыруда.

Мұндай құмар ойын орындарына ең көп баратындар – балалар. Демек, таразыда мыңдаған баланың тағдыры тұр. Бұл қалыптасқан жағдай жасөспірімдердің психологиясына, рухани дамуына, сапалы білім алуына кері әсерін тигізуде. Қаупі жағынан құмар ойындарға тәуелділік нашаға, маскүнемдікке тәуелділіктен еш қалыспайды. Осы ойындарға құмар болған балалар түрлі қылмыстарға барып, сол ойындарды ойнау үшін қарыздарға кіруде.

Құмар ойындар ойналатын осы көлеңкелі бизнестің өкілдері бұл мәселенің қаншалықты өзекті екендігін түсініп отырған жоқ. Керісінше, заңға қайшы әрекеттерге барып, жастардың санасын бұрыс бағытқа итермелеп отыр...

Бұл мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасы бойынша интернет-клубтардың, спорттық покерді ұйымдастырушы мекемелердің қызметін тексеруді және «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылдауды сұраймыз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының аумағында спорттық покерді жабу жөнінде Бас прокуратура мен Туризм және спорт министрлігінің позицияларын білдіруді сұраймыз,»-депті.

Шынында да, балалардың компьютер ойындарымен әуестігі, онда ақшаларын салып, құмарлыққа беруі қоғамның көкейтесті мәселелерінің бірі болып отыр. Сол себепті біздің қоғамымыздың мүшесі болып саналатын әрбір адам осы мәселемен күрессе, нұр үстіне нұр болар еді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.